

Web-RABIS – бүгінгі күннің талабы (кітапханалық кеңес)

1989 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін (АБИС) жасап, пайдалануға енгізген болатын. 1992 жылы Ұлттық кітапхана қазақстандық кітапханаларға республикалық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін (РАБИС) енгізуге кірісті. РАБИС қазақстандық кітапханалар технологияларының ерекшеліктеріне бағдарланған және ұлттық стандарттардың, дәстүрлердің, сондай-ақ тілдің талаптарына негізделген.

Ақпараттық ресурстардың үздіксіз өсуі, өңдеу құралдарының жаңару үдерісі мен әдістері, ақпараттарды сақтау және жіберу РАБИС-ке жоғары талаптар қойды. 2015 жылы Ұлттық кітапханада бес модульден тұратын жаңа жетілдірілген кітапханалық-ақпараттық Web-РАБИС жүйесі іске қосылды.

Жасаушылар Web-РАБИС бағдарламасының қызметтік мүмкіндіктерін анағұрлым кеңейтті. Бағдарлама авторитеттік файлдарды жасауға және жүргізуге, библиографиялық көрсеткіштерді автоматты түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаның әр модулінде автоматты режимде негізгі көрсеткіштер бойынша кітапханалық статистика жүргізіледі, мысалы, «Кітап қорын толықтыру» модулінде белгілі бір кезеңдегі құжаттардың түсімі мен есебін бақылауға, келіп түскен құжаттардың дереккөзін анықтауға, білім саласы бойынша әртүрлі құжат түрлерін бөлуге, бухгалтерлік есеп бойынша құжаттарды басып шығаруға және т.б. болады. Сонымен қатар, Web-РАБИС пайдаланушыға құжаттардың толық мәтінімен және жер шарының кез-келген нүктесінен олардың аудио-бейне-Интернет қосымшаларымен жұмыс істеуге, мобильді құрылғы арқылы электрондық каталогтарды қарауға

мүмкіндік беретін толықмәтінді және гипермәтінді мәліметтер қорын құруды қолдайды.

Оқырмандарға ақпаратты шығару үшін компьютермен жұмыс істеуге машықтануды аса талап етпейтін қарапайым әрі ыңғайлы интерфейс жасалған. Web-РАБИС ақпараттық жүйесінің маңызды көрсеткіштері іздеу мүмкіндіктері болып табылады. Іздеудің дайындықсыз, сондай-ақ тәжірибелі пайдаланушыларға есептелген: оңай іздеу, кеңейтілген іздеу, тиянақталған іздеу және сөздік бойынша іздеу сияқты бірнеше түрі іске асырылған. Іздеудің бұл түрлеріне, құжат түрі және оның библиографиялық деңгейі бойынша іздеуді қосымша жүзеге асыруға болады. Қажетті ақпаратты жылдам әрі кеңейтілген іздеу барлық электрондық каталогтар мен библиографиялық жазбалардың элементтері және олардың үйлесімі бойынша жүргізіледі. Іздеу құралдары іздеуге күрделі сұраныстарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Іздеу мәнмәтін бойынша, жол басы бойынша, толық сәйкестікте, ақпараттың болмауы бойынша және т.б. өңделе алады. Ең жиі қолданылатын сұраныстар одан әрі пайдалану үшін сақталуы мүмкін.

Бағдарламаға Java технологиясын пайдалана отырып, MySQL-дан бастап Otagi-ға дейін Мәліметтер Қорын Басқару Жүйесі демеу көрсетеді (МҚБЖ).

Web-РАБИС бағдарламасына бес модуль кіреді, олар: «Кітап қорын толықтыру», «Каталогизатор», «Іздеу және тапсырыс беру», «Кітап берілімі» және «Оқырмандарды тіркеу».

«Кітап қорын толықтыру» модулі кітапхана қорын толықтыруға байланысты үдерістерді тиімді автоматтандыруға арналған. Модуль кітапхананың кітап қорын әдебиетпен толықтыруға, өнімділікті жоғарылатуға, комплектаторлар жұмысының сапалы әрі ыңғайлы болуына байланысты барлық негізгі өндірістік-технологиялық үдерістерді автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Модульмен жұмыс кітапхана қабырғасында, сонымен қатар бірнеше пайдаланушы категориялар демеуімен қашықтықтан атқарыла алады.

«Каталогизатор» модулі электрондық каталогты және мәліметтер қорын құруға және енгізуге арналған.

Модульде:

- электрондық басылымдарды қоса алғанда, барлық құжат түрлерінің библиографиялық жазбаларын енгізу және редакциялау (түзету);

- библиографиялық жазбаларды іздеу элементтерімен: тақырыптық айдармен, кілтті сөздермен, қосымша сілтемелермен және т.б. жарактандыру;

- авторитеттік файлдарды құру;

- библиографиялық жазбалардың көпдеңгейлі құрылымын қолдау – жазбаларды авторитеттік файлдарға бекіту;

- UNICODE қолдау (енгізу мәліметтерінің әртүрлі тілдегі мүмкіндігі);

- екінші дананың бар-жоғын тексеру;

- библиографиялық жазбаларды көшіру;

- библиографиялық көрсеткіштерді, қажетті көмекші көрсеткіштермен қоса автоматты түрде қалыптастыру;

- штрихкодтарды қою;

- карточкаларды қалыптастыру және басып шығару;

- толықмәтінді мәліметтер қорын бекіту;

- есептік-статистикалық мәліметтерді беру;


- библиографиялық жазбаларды экспорттау/импорттау өндіріледі.

Бұл модуль ұжымдық ресурстарды жасау және пайдалану үшін ыңғайлы құрал болып табылады. Ол кітапханалардың жиынтық ресурстарын жасауға мүмкіндік береді, соның ішінде, әрбір кітапхана web-браузер арқылы кіргенде, жазбаларды толықтырады немесе алмастырады, ал нәтижесі бірыңғай каталог түрінде бәрі-

не қолжетімді болады.

«**Іздеу және тапсырыс беру**» модулі оқырмандарға қызмет көрсетуді автоматтандырылған тәртіпте: оқырмандардың сұраныстарын өңдеуді, резервке қойылған әдебиеттердің іріктелуі мен тапсырыс берілуін, кітап берілімін, қорда тұрған кітаптардың мәртебесін қадағалауды, сондай-ақ басқа да тиісті технологиялық операциялардың барлығын қамтамасыз етеді. Модульде барлық электрондық каталогтар мен библиографиялық жазбалардың элементтері және олардың үйлесімі бойынша жедел әрі кеңейтілген іздеу қарастырылған. Пайдаланушының тапсырысы электрондық оқырман билеті қуатталғаннан кейін жүзеге асырылады.

«**Кітап берілімі**» модулі кітапхананың оқу залдарына кітаптар мен мерзімді басылымдарды беру/қайтару үдерісін автоматтандыруға арналған. Модульде қордың пайдаланылуы мен сұранысы бойынша статистикалық мәліметтерді қалыптастыру мүмкіндігі қарастырылған. Ол алдыңғы модульдердің мәліметтерін пайдаланады және кітапқа әрі қарай бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



«Оқырмандарды тіркеу» модулі оқырмандардың мәліметтер қорын құруға және жүргізуге арналған. Бұл модульде оқырмандардың есептік жазбаларын енгізу және редакциялау, оқырманның суреті және бірегей штрихкод бар оқырман билетін қалыптастыру және басып шығару іске асырылады. Модульде оқырман туралы жеке мәліметтік есеп түрлерін қалыптастыру және алу жүзеге асырылады, мысалы: кітапхананың оқырман құрамының жасы, жынысы, ұлты, білімі және т.б. бойынша. «Оқырмандар» мәліметтер қоры жеке деректерді қорғайды және Web-РАБИС-тің басқа модульдерімен біріктіріледі.

Web-РАБИС-тің модульдері

Кітап қорын толықтыру

«Кітап қорын толықтыру» модулі кітап қорын толықтыру бөлімінің барлық технологиялық үдерістерін автоматтандырады. Комплектаторлар: авторы, басқа авторы, аты, кітаптың шығу мәліметтері, көлемі, инвентарлық нөмірі және т.б. қамтитын 15-20 жолдан тұратын бастапқы библиографиялық сипаттамаларды жасайды.

«Каталогизатор» модулі

«Каталогизатор» модулінде электрондық каталогтарды және библиографиялық мәліметтер қорын жасау және жүргізу, келіп түскен басылымдарды ғылыми және техникалық өңдеу, каталогтық карточкаларды қалыптастыру және басып шығару, мақалалардың аналитикалық тізімі, библиографиялық көрсеткіштерді құрастыру жүзеге асырылады (8-сурет).

«Іздеу және тапсырыс беру» модулі

«Іздеу және тапсырыс беру» модулі электрондық каталогтарда кітаптар мен мақалаларды іздеуге және оқу залдарында немесе кітап сақтау бөлімінде табылған әдебиеттердің бұдан кейінгі тапсырысына арналған. Сонымен қатар, пайдаланушы тізім қалыптастырып, оны басып шығара алады және өзінің тапсырыстарының жағдайын тексере алады.

Іздеуді автор, кітаптың немесе мақаланың атауы, қатарлас атауы, дереккөз атауы бойынша жүргізуге болады (15-сурет). Нақты каталогтарды, басылым тілін, басылымның шыққан жылын және басқа да параметрлерді таңдай отырып, кеңейтілген іздеуге мүмкіндік бар (16-сурет). Іздеу ұзақтығы 2-5 секунд.

«Оқырмандарды тіркеу» модулі

«Оқырмандарды тіркеу» модулі оқырмандардың мәлімет қорын жүргізуге арналған. Бұл модульде кітапхана қызметкерлері оқырмандар туралы ақпаратты енгізуді, штрихкоды бар оқырман билетін қалыптастыруды және басып шығаруды жүзеге асырады. Бұл модульдің басты беті 23-суретте келтірілген.

24-суретте мәліметтерді енгізудің жұмыс парағы көрсетілген. Оқырманның деректерін енгізу кезінде, бағдарлама автоматты түрде әрбір жолға деректердің дұрыстығы мен жолдардың міндетті толтырылуы үшін бақылау жасайды. Бақылау статистиканы есептеу және есептерді қалыптастыру кезіндегі дұрыс жұмыс үшін

қажет. Бұдан кейін автоматты түрде пластикалық картаға басып шығарылатын оқырман билеті қалыптастырылады. «Оқырмандарды тіркеу» модулінде оқырмандардың кітапхананың оқу залдарына өтуін бақылау функциясы бар. Кірген кезде оқырман билетінің штрифкоды оқылады, сол арқылы автоматты түрде келім саны туралы мәліметтерді алуға және оқырманның оқу залына өткізбеген әдебиеттері бар-жоғына бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді (25-сурет).

«Авторитеттік файлдар» модулі

«Авторитеттік файлдар» модулі авторитеттік (нормативтік) жазбаларды жасауға арналған. Оның құрамына: «Автордың есімі», «Шығарманың атауы», «Географиялық атауы», «Тақырыптық пәні», «Сатылым маркасы», «Сәйкестендіру атауы» және т.б. кіреді. Бұл модуль авторитеттік бақылауды, кітапхананың түрленген ресурстарының сапасы мен ақпараттылығын көтеруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.







Кітапханалық кеңесті жүргізген Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының толықтыру және өңдеу секторының меңгерушісі: Торғаева Ө. Т.

